

## КҮЛТЕГІН ЕСКЕРТКІШІНДЕГІ КЕЙБІР ЭТНОНИМДЕРДІҢ ЭТИМОЛОГИЯСЫ ТУРАЛЫ

\*Бияров Б.Н.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор, С. Аманжолов атындағы ШҚУ,  
Өскемен, Қазақстан,

\*<sup>1</sup> e-mail: [berdibek\\_biyar@mail.ru](mailto:berdibek_biyar@mail.ru)

**Андатпа.** Көне түркі ескерткіштері тілтану, мәтінтану, әдеби жанрлық, тарихи жағынан зерттеліп келеді, зерттеліп те жүр. Бір кемшін тұсы көне жәдігерлердің ономастикасын қарастыруда жатыр. Бірнеше себептерге байланысты көне түркі ескерткіштеріндегі жалқы есімдердің тура санын анықтау біршама қиындық тудырады.

Бұл мақалада Күлтегін ескерткішінде кездесетін 23 этнонимнің кейбіріне, мағынасы көп қарастырылмаған немесе даулы болып келетін этнонимдерге, этимологиялық талдау жасалған. Жалпы көне түркі ескерткіштерінің ономастикалық кеңістігі түбегейлі қарастырылмаған. Соның ішінде этнонимдер назардан тыс қала береді. Мақаланың мақсаты Күлтегін ескерткішінде кездесетін этнонимдердің семантикасын ашып, тілдік-тарихтық тұрғыдан анықтама беру болып табылады. Кез келген этимологиялық талдау болжамнан тұрады деген қағидаға сай, автордың ұсынған тұжырымдарын да жүз пайыз ақиқат деп қабылдауға болмайды, алайда сол ұсынылған болжамдардың бірінде этнонимнің шын мағынасы жатуы да мүмкін.

Зерттеу жүргізу барысында салыстырмалы-тарихи, ретроспективті, ареалдық, статикалық, этиологиялық зерттеу әдістері қолданылған. Автор бір этнонимнің этимологиясы туралы бұрын айтылған пікірлерді келтіріп, салыстыра қарап, содан кейін ғана өз болжамын ұсынады. Өзіне дейінгі жазылған тұжырымдарды теріске шығармай-ақ, жаңа көзқарас білдіруі немесе сол айтылған тұжырымдардың бірін мойындап, қолдауы ғылыми этиканы сақтағаны болып табылады. Этнонимнің мағынасын анықтауда, автор, тарихи, географиялық жағдайларды ескеріп, солармен атаудың шығу себептерін (этиологиясын) байланыстыра қарастырады. Жалқы есімдер, оның ішінде топоним мен этноним, тілдік, тарихи және географиялық аспектілерде қаралуы керек деген талап осы мақалада орындалғанын байқауға болады.

Талданған этнонимдердің мағынасы туралы бұрын-соңды айтылмаған тың тұжырымдардың кездесуі мақаланың жаңашылдығын көрсетеді. Оның үстіне, көне түркі ескерткіштеріндегі ономастикалық кеңістіктің жүйелі түрде зерттелмеуі және бұрынғы зерттеушілердің арасында ономаст-ғалымдардың аз болуы бұл зерттеудің өзектілігін анықтайды.

**Тірек сөздер:** этноним, этнос, этимология, этиология, сема, болжам, тұжырым, пікір, уәж.

### Негізгі ережелер

Көне түркі ескерткіштері тілтану, мәтінтану, әдеби жанрлық, тарихи жағынан зерттеліп келеді, зерттеліп те жүр. Бір кемшін тұсы көне жәдігерлердің ономастикасын қарастыруда жатыр. Көптеген түркітанушы ғалымдар тас мәтіндерді зерттеу барысында ономастиканы

айналып өтеді. Ондағы жалқы есімдердің мағынасын ашуға бара бермейді.

Ең алдымен, көне түркі ескерткіштеріндегі жалқы есімдердің тура санын анықтау біршама қиындық тудырады. Оның басты себебі - мәтіннің аудармасында. Бір аудармашы жалқы есім ретінде ұсынған атау, екінші аудармашыда ономастикалық бірлік ретінде танылмауы мүмкін. Ал аударманың қиындығы көне түркі жазуын оқудағы қиындықтардан туындайтыны айтпаса да түсінікті. Атаудың аудармасы әртүрлі болғандықтан, оның этимологиясын ашуда қиындықтар туындайды.

Мақаланың мақсаты осы олқы тұсты толықтыру, яғни көне түркі ескерткіштерінің ономастикалық кеңістігін зерттеу болып табылады. Оның ішінде көп сөз бола бермейтін этнонимдердің этимологиясына тілдік шолу жасалады.

### **Кіріспе**

Күлтегін ескерткішінде жалпы саны 23 этноним бар екені анықталды. Біз этнонимдерді, негізінен, профессор Сартқожаұлы Қаржаубайдың аудармасы бойынша алдық, бірақ талдау барысында басқа аудармадағы нұсқалары да ескеріліп отырды. Мақала көлеміне сай 23 этнонимнің барлығы емес, макроэтнонимдер ғана талданып ұсынылды. Этнонимнің этимологиясын ашу дегеніміз оның мағынасын түсіну және ол этностың тарихын анықтау. Сонымен бірге, көне этнонимнің қазіргі іздерін табуға талпыну деген сөз.

### **Материалдар мен әдістердің сипаттамасы**

Зерттеу жүргізу барысында салыстырмалы-тарихи, ретроспективті, ареалдық, статикалық, этиологиялық зерттеу әдістері қолданылды. Автор бір этнонимнің этимологиясы туралы бұрын айтылған пікірлерді келтіріп, салыстыра қарап, содан кейін ғана өз болжамын ұсынды. Берілген этнонимдердің этимологиясын осыған дейін ұсынған Ә.Қайдар, Қ.Сартқожаұлы, В.Махпиров, Т.Қайыркен, Л.Гумилев, т.б. ғалымдардың еңбектері, сонымен қатар «Древнетюркский словарь», М.Қашқаридың «Түркі тілдерінің сөздігі» сынды көлемді зерттеулер негізге алына отырып, әр этнонимнің шығу тегіне байланысты автордың өз тұжырымдары ұсынылды. Өзіне дейінгі жазылған тұжырымдарды теріске шығармай, өздігінше жаңа көзқарас білдірді немесе сол айтылған тұжырымдардың бірін қолдады. Этнонимнің мағынасын анықтауда, автор, тарихи, географиялық жағдайларды ескеріп, солармен атаудың шығу себептерін (этиологиясын) байланыстыра қарастырды. Жалқы есімдер, оның ішінде топоним мен этноним ғылыми талапқа сай тілдік, тарихи және географиялық аспектілерде қаралды.

### **Талқылау және нәтижелер**

*Түрк будун* [1, 173 б.]. Түрк/Түрік – көне ескерткіштерде жиі кездесетін этноним. Ал қазіргі қолданыстағы «түркі» атауы түркі тектес,

түркі тілдес елдердің жалпы атауына айналды және оның өзі қазіргі Түркияның халқы түріктерден ажырату үшін қалыптасқаны байқалады [2, 7 б.].

Түрк/Түрік этнонимінің мағынасы ғылыми тұрғыдан әлі ашылған жоқ, бірақ мынадай болжамдар бар (В.У.Махпировтың жинақтауы бойынша):

А.Н.Бернштам түркүн «тұтас рудың, туыстардың жиналатын орны, атамекен» деген мағына ұсынады.

Н.А.Баскаков моңғол. түркүн/төркін/түрхим «тұрмысқа шыққан әйелдің ата-анасы, туыстары (төркіні – Б.Б.)» деген мағына береді, өйткені моңғолдар түріктерден қыз алып, үйленіп отырған деген болжам ұсынады.

А.Н.Кононов түрк этнонимі көне түркі. дулыға «әскери бас киім» сөзінен шығады, себебі түрк қосындары дулыға пішіндес таудың түбіне орналасқандықтан, қытайлар сол таудың атымен атап кеткен деген тұжырым жасайды.

А.Вамбери түрк < түрүк < түрү + ек «жан, адам» деген сөз дейді.

В.Томсен, Ю.Немет түрк «күш, қуат» деген сөз дейді.

Ф.Гордеев түрк < түр + ек «тұрандық» деген иран-соғды сөзі дейді.

О.Прицак түркүт < төр «құрметті орын» + т (көптік жалғау) деген талдау ұсынады [3, 95 б.].

Қытай жазбаларында түрк сөзі «бас киім» деген сөзден шығады, өйткені парсы. тигра-хоуда «шошақ бөріктілер» деген бұрынғы сақтардың атауының ықшамдалған түрі болып табылады деген дерек кездеседі: тигра > түрк [4, 70 б.].

Л.Н.Гумилев түрк «күшті, мықты» деген мағынаны білдіреді деп, Ю.Неметтің пікірін қолдайды [5, 22 б.].

В.В.Бартольд түрк < түрү/түрү «заң, заңмен біріккен ел», «салт-дәстүр» деген мағына береді деп шешеді [6, 23 б.].

Келтірілген болжам-пікірлердің ешқайсысын жоққа шығармаймыз және өз болжамымызды қоса ұсынамыз. Біздің ойымызша, түрк/түрүк этнонимі көне түркі. төрү «шыға келу, пайда болу, көріну, дүниеге келу» [7, 582 б.] сөзі + к (көне көптік жалғауы) тұлғаларынан жасалып, «жаңадан (қайтадан) туғандар, құрылғандар» деген мағына береді. Мұндағы этиология «кешегі тарих сахнасынан кеткен ғұндардың ұрпағы қайта туды, мемлекет құрды» дегенге саяды. Түркілердің «қол-аяғы шабылған ғұн ұлымен қаншық қасқырдан тараймыз» деген аңызы да соны нұсқайды. Қол-аяғы шабылған ғұн баласы – символ. Қытайлардың қулыққа толы саясатының құрбаны болып, құрып кете жаздаған ғұн әулетін жалғастырушы жалыз дән, тұқымды білдіреді. Сол дән – Ашина тайпасы. Олар жужандарға темір қорыта жүріп, білдірмей даярланып, бірақ күнде дүрк көтеріліп, оларды төңкеріп тастайды. Сөйтіп Төрүк/Түрүк «қайта туған жаңа ел, кенет пайда болған қағанат» құрады. «Біз қайта келдік, жатқан жерімізден тұрдық» деп өздеріне өздері ат қояды.

Енді *бодұн/бұдұн* этнонимін қарастырайық. «Көне түрік сөздігінде» бодұн «тұрғындар, бағынышты ел, халық, шоғырланған халық, адамдар» семаларын беретіні көрсетілген [7, 108 б.]. М.Қашқари сөздігінде бұдұнлығы кіші «ұрық-шәріпті адам» мағынасында кездеседі [8, 558 б.].

Л.Н.Гумилев бұдұн атауы қара халыққа, қарашыға таңылғанын және бектерге қарсы мағынада қолданылғанын атап көрсетеді: түрк беглер бұдұн «түрік бектері мен халқы» [5, 59 б.]. Ғалымның бұл анықтамасына сүйене отырып, бұдұн этнонимі көне түркі. бодұ «бекіту, тіркеу, жабыстыру» [7, 107 б.] сөзінен шығады деген тұжырым жасаймыз: бодұ + н (істің нәтижесін білдіретін зат есім жұрнағы: кісе «байлау» - кісен «кісен»). Сонда, бодұн «тіркелген, қосылған» мағынасын береді. Ақсүйектер мен негізгі елден басқа өзі келіп қосылған босқындар, жаулап алу арқылы қосылған кірме халық т.с.с. бодұн/бұдұн деп аталғанын байқаймыз.

*Бөклі шөл елі* [1, 173 б.]. Бөклі шөл елі этноним ба, топоним ба деген сұрақтың басы әлі ашылмаған. «Көне түркі сөздігінде», бірде «даланың аты», бірде «тау тізбектерінің аты немесе этноним» деген екіұшты анықтама берілген [7, 117 б.].

Л.Н.Гумилев «Көне түріктер» атты еңбегінде: «... түріктер шығыста Бокли-қағанға дейін (Мұқырыға, қыт. Мохэ, Маньчжурия мен Амур маңына) жетті ...» деген авторлық түсініктеме беріп кетеді [5, 267 б.]. Автор мүкри (Мохэ) Когурионың (Солтүстік Кореяның) солтүстігіндегі орман-тоғайды мекендеген маньчжур тайпасы екенін және олардың Қытаймен соғысқан Когурионың одақтасы болғанын атап өтеді [5, 228-229 бб.]. Көне түріктер осы мұқыры/мүкри этнонимін өз тілдерінде «бөклі» деп атап кетуі мүмкін деп ойлаймыз (түркі тілдерінде м/б дыбыс алмасуы бар: мен/бен).

*Абар* [1, 173 б.]. Көптеген зерттеушілер Абар этнонимін Жужан этнонимінің баламасы деп таниды (Мысалы: С.П.Толстов, А.Н.Бернштам т.б.). Ал қытай зерттеушісі Лю Маоцай европалық зерттеушілердің жужандар мен абарларды теңестіруі толық дәлелденбегенін атап көрсетеді [9, 172-173 бб.]. Л.Н.Гумилев, Ф.Симокаттаның ескертуіне сүйеніп, Абар мен Авар тайпалары бір емес деген көзқарасты ұстанады. Бумын қаған қайтыс болғанда ақтық жіберген Абар тайпасы дербес ел болған, оларды 554 жылдары Істемі қағанның қолы қиратты. Ал Каспий асып барып Европада пайда болған Авар бөлек халық екенін атап көрсетеді [5, 33-34 бб.].

Біздің ойымызша, Абар этнонимі парсы. аб «су» [10, 212 б.] + ар «адам, ел» [3, 87 б.] сөздерінен бірігіп, абар «су адамдары» мағынасын береді, өйткені Абар тайпасы Арал теңізінің маңын жайлаған. Бұл атауды құрамында парсы тілді соғдылар бар эфталиттер беруі мүмкін.

Істемі бастаған Батыс Түркі қағанатының әскері жужандарды, абарларды және хуни, уар, огор сияқты ұсақ тайпаларды қирата жеңіп, Еділден әрі асыра қуып тастайды. Бұл қашқындар енді Авар деген атпен Византияның іргесінен бірақ шығады [5, 34 б.]. Мұндағы авар этнонимі

көне түркі. ав «жинау», авар «жиналу» [7, 69 б.]. сөздерінен шығатынын байқау қиын емес, өйткені, шынында да, бұлар әр тайпаның қалдығынан құралған еді. Атап айтқанда, түркілерден жеңілген жужандар, абарлар, эфталиттер, хуни, уар (вар), огор т.б. этностар жинақталып қалған еді. Бұл жауынгер тайпалардың қалдығы бір ел болып бірігіп, Европаның «біраз шаңын қағады».

*Үрім* [1, 173 б.]. «Күлтегін» ескерткішінде Пұрм түрінде таңбаланған (Кт(б) 4-жол). Зерттеушілер ол сөзді апұрым, парпурум т.б. тұлғада оқып келді, алайда бұл этнонимнің пұрм/үрүм/рим, яғни Византия екенін түрік ғалымы Баһауеддин Өткел дәлелдеп шыққан еді [5, 33 б.]. Рим сөзін түркілер протеза жасамай айта алмайтынын ескерсек, Үрүм тұлғасы тіл заңына қайшы келмейді. Қазақ тілінде «қызды Қырымға, ұлды Үрүмге қондырды» мәтелінде осы атау сақталып қалған. Түркі қағанаты Византиямен одақтас болып, жібек саудасымен айналысқаны тарихтан мәлім.

*Үш құрықан* [1, 173 б.]. Құрықан қағанаттың солтүстік-шығысында орналасқан түркі тайпасының аты болған [7, 469 б.]. Қытай. гулигань түрінде жазылған құрықандар қазіргі якут-саха елінің арғы тегі деген пікір қалыптасқан [5, 61 б.].

Құрықан этнонимі туралы моңғол. құраған «қозы» сөзінен, көне түркі. қорыған «күзетші, қорғаушы» сөзінен шығарған бірен-саран болжамнан басқа нақты этимология жоқтың қасы. Біздің ойымызша, көне түркі. қорыған «бекет, әскери қоныс» [7, 458 б.] сөзінен шығады дегендер шындыққа біртабан жақын тұрғандай, бірақ атау ретінде ол тайпаның ерекше белгісін тап басып тұрған жоқ. Кез келген атау, ол – мейлі, топоним болсын, мейлі этноним болсын, ерекше белгіге қарай қойылатыны белгілі. Ал құрықандардың өзіне тән ерекшелігі – олардың темір өндіру шеберлігі. Мәселен, археолог А.П.Окладниковтың айтуынша, ең таза, сапалы темірді осы құрықандар ғана өндіре алады екен [5, 64 б.]. Ендеше, құрықан этнонимі көне түркі. қорық «балқытылған темір» [11, 225 б.] + ан (көне жұрнақ: ер/ерен, оғұл/оғұлан) тұлғаларынан жасалып, қорықан/құрықан «(темір) балқытушы» мағынасын береді деп есептейміз. Құрықандар қағанатқа бағалы аң терісі мен темір қарулар жіберіп тұрған, ал «... түркілер темірді биік санайды, темірге құрмет қылады» [8, 419 б.].

*Қытай* [1, 173 б.]. Қытай этнонимі, көптеген басқа этнонимдер сияқты, ол елге сырттан таңылған. Атап айтқанда, X-XI ғасырларда Солтүстік Қытайды басып алып, Ляо мемлекетін құрған моңғол тектес қидан тайпасының атынан қалыптасқан этноним болатын [12, 246 б.]. Бұл атаудың Европа, Ресей жаққа кеңінен тарап кетуіне Қытан/Қидан мемлекетімен сауда-саттық жасаған көпестердің ықпалы көп болған. Олар: қидан/катай/қытай/хытай/китай деп атап кеткен. Ал қытайлықтар өздерін чжунго/жұңго деп атайды: қытай. чжун/жұң «орталық» + го «мемлекет» [9] сөздерінен бірігеді. Қытайды парсы тілдес елдер Шың/Чин деп атайды, себебі алғашқы қытай империясының Цинь

атауымен байланыстырады. Көне түріктер оларды табғач деп атағаны мәлім.

*Татабы* [1, 173 б.]. Көне түркі ескерткіштері мен «Көне түркі сөздігінде» Татабы [7], кейбір зерттеушілерде татап/татаптар [5, 541 б.] түрінде кездеседі. Татабы этнонимі қытай жазбаларында хи/ғи елі деп беріледі [4]. Л.Н.Гумилев татаптар мен қидандарды моңғолдық тайпаларға жатқызады [5].

Этнонимнің қай тілден шығатыны белгісіз, алайда моңғол тайпасы болғандықтан, моңғол. таат(ай) «жайлы, қолайлы, ыңғайлы (тату)» [13, 440 б.] + түркі/моңғол. аба/абы «әке, аға, ағайын» [14, 54 б.] сөздерінен жасалуы мүмкін деп болжаймыз. Бұл атауды барлық тарихи оқиғаларда бірге жүрген қидандар беріп, таатабы «тату ағайын» деп атауы әбден ықтимал. Татабылардың кейде түркілермен де одақтасып отыруына карағанда, олардың таза моңғолдық тайпа болмауы да мүмкін.

*Он йелік халқы* [1, 173 б.]. Көне түркі ескерткіштерінде «*Он оқ бұдұн*» түрінде жазылған (Кт(б), 19-жол). Барлық зерттеушілер Он оқ бұдұн этнонимі Батыс Түрік қағанаты атауының орнына қолданыла беретінін, өйткені этноним Батыс қағанаттың негізгі тайпалары болған Дулудың маңына топтасқан бес тайпа мен Нушибидің маңына топтасқан бес тайпаны қосып «Он оқ бұдұн» деп аталғанын мойындайды [5, 147 б.]. Мұндай топтастыру 635 жылдары Батыс қағанат қағанының әмірімен жүріп, ежелгі дәстүр бойынша, әр руға бір-бір жебеден таратылып берілгендіктен, Он оқ «он тайпа» атуы пайда болған [5, 210-211 бб.]. М.Қашқари оқ «енші, үлес, бөліс» мағыналы сөз екенін атап көрсетеді [8, 66 б.].

*Аз* [1, 173 б.]. Көне түркі ескерткіштерінде *Аз бұдұнды* халық етіп құрап, оларға Барыс бек болғаны жайлы айтылады (Кт(б), 19-жол). *Аз* этнонимі өз этимологиясын әлі аша қойған жоқ, алайда Л.Н.Гумилев өз еңбегінде Р.Жираның аздарды алан-ирандық тайпаларға жатқызып, атауын «ақ тышқан» мәнді түркі-парсы сөзінен шығаратынын, ал В.В.Бартольдтың аздарды енисей остяктары мен ассиаларына жатқызатынын келтіреді [5, 156 б.]. *Аз* сөзінің «ақ сусар» мағынасы бар екенін М.Қашқари да атап өтеді [8, 110 б.].

Біздің ойымызша, қырғыздармен көрші тұрған, Саян-Енисей жақты мекендеген этносқа алан-иран қанының да, сөзінің де жете қоюы екіталай нәрсе. Керісінше, академик В.В.Бартольдтың солтүстік тайпаларына жақын деген пікірі ақылға қонымды. Сонда этнонимнің мағынасын да көне түркі. *азман* < *аз түрік.*, татар., башқұрт. «қоспа, будан» + *ман* (іс-әрекеттің иесін білдіретін жұрнақ: алар+ман, шабар-ман) [14, 96 б.] түбірінен шығарып алуға болады. Сонда, *Аз* «қоспа, будан» мағынасымен, түріктер мен солтүстік тайпалардың (остяк т.б.) араласып кеткенінен (немесе аралас тұрғанынан) пайда болған ел екенін аңғаруға болады.

Ал келтірілген болжамдар ішіндегі «ақ тышқан», «ақ сусар» мәндері олардың атын емес, негізгі кәсібін білдіреді және этноним болуға қабілеті

бар екенін де жоққа шығаруға болмайды. Солтүстікте орналасқан тайпалар болған соң, ақ сусар аңын аулап, терісін сатып тұруы заңды құбылыс болып табылады.

*Алты баулы Соғдақ* [1, 173 б.]. Этнонимнің өзі – Соғд, ал Соғдақ «Баласағұнға келіп мекен тепкен бір қауым жұрт. Олар соғдылардан. Бұхара мен Самарқанд арасында тіршілік еткен. Кейін түріктеніп кеткен [8, 531 б.]. Соғд этнонимі туралы көптеген болжамдардың ішінде екеуі өктем: 1. Соғд иран. сухта «отпен тазартылған» мағынасынан шығады [15, 31 б.]. 2. Соғд соғд. сақ, скиф, ашкуз этнонимдерімен байланысты шыққан.

Соғдылар ежелден шығыс пен батысты жалғастырушы және Ұлы Жібек жолын салған саудагер халық болғаны тарихтан мәлім. Ендеше этнонимнің уәжін осы кәсіптен іздеу керек. Біздің зерттеуіміз бойынша, соғд парсы. соуда «сауда» [10, 296 б.] сөзінен шығатындай. Соғда/соуда сөздеріндегі ғ-у дыбыс алмасуы түркі тілінде бар құбылыс: жайлағ/жайлау, қыстағ/қыстау. Ал Соғдақ<соғд+дақ (бір нәрсенің молдығын, тәндігін білдіретін жұрнақ: құм+дақ, шаң+дақ) тұлғаларынан жасалып, «саудашыл, саудагер» деген мағына береді. Бұл атау парсы, түркі тілдерінің араласуынан жасалған.

Алты баулы Соғдақ, мәтінде алты чуб Соғдақ, атауы Шығыс Түркі қағанаты құлап, Тан империясына бағынған кезде (630-шы жылдары), соғдылар да табғаштарға бағынышты күйге түседі және бөліп-бөліп билеуді жақсы көретін Тан империясы соғдыларды алты округке бөліп орналастырады [9, 74-75 бб.]. Сол кезден бастап, Алты баулы Соғдақ атауы пайда болған. Ал *алты чуб* тіркесіндегі чуб (қытайша чжоу/чыу) «аймақ, облыс» сөзінен шығатыны анықталған [7, 156 б.].

*Байырқу* [1, 173 б.]. Байырқу түркілердің солтүстігінде немесе солтүстік-шығысында орналасқан тайпаның аты болып табылады [7, 79 б.]. Бұл елдің қазіргі ұрпақтары кімдер екені белгісіз. Байырқу этнонимі қазіргі қазақ тілінде сақталған байырғы «бұрынғы, ескі, көне» және «жергілікті, тұрғылықты» сөзінен жасалуы әбден мүмкін. Сонда, Байырқу этнонимі «байырғы, жергілікті (ел)» деген мағына береді. Ұлы далада ұлыстар ауысып, сапырылысып жатқанда, солтүстікте (бәлкім, Сібірде – Б.Б.) салыстырмалы түрде ұзақ уақыт тыныш өмір сүрген ел болуы мүмкін. Отырықшы ел болуы да ықтимал.

*Қарлуқ* [1]. Қарлық/Қарлұқ этнонимінің түркі тілінен жасалғаны анық болса да, этимологиясы оңай ашылатын сияқты болса да, бірнеше көзқарас бар: 1. Қалың қардың кеселінен Оғыз қағаннан бөлініп қалған бірнеше тайпаны қарлық «қар адамдары» деп атап кетіпті деген аңызды келтіреді Березин, Кононовтар [3, 105 б.]. М.Қашқари осы аңызды құптағандай қарлұқтарды «...олар да оғыздар секілді түркімендер» дейді [8, 533 б.]. 2. Дерфер көне түркі. қар «араластыру, қосу» [7, 428 б.] түбірінен шығарып, қарлұқ<қаралұқ «араласқандар» деген мағына беретінін айтады [3, 105 б.]. Бұл пікірдің де жаны бар, өйткені қарлұқтар чысы, моула және ташылы деген үш тайпадан тұрады [9, 186 б.],

сондықтан қарлұқтарды кейде «үш оғыз» деп атайтын болған [5, 313 б.]. 3. Мен, өзімнің «Өр Алтайдың жер-су аттары» атты монографиямда В.И.Иллич-Свитычтің қар, кер, қр түбірі ностратикалық тілдерде «тау», «тас», «шың» мағынасын береді деген пікірі мен Ибн-Калдунның Мұзтауды «Мұзқар» деп жазуына сүйеніп, қарлық этнонимі «таулық» мағынасын береді деген болжам айтқан едім. Қазіргі зерттеулерге сүйеніп, қарлық этнонимі Тянь-Шань тауының шығыс сілемдері Баркөлтағ және Қарлықтағ оронимдерінен шығады-ау деген болжамға келдім. Мұндағы уәж – қарлықтардың шекарасы осы таулардан басталып, Моңғол Алтайына дейін созылып жатқаны [9, 186 б.]. Сонда, қарлық/қарлұқ этнонимі «Қарлықтағ тауынан шыққандар» деген трансономнен пайда болған деуге болады және бұл болжам «қарлы жерліктер (қарлық)», «таулықтар» ұғымдарынан тым алшақ кетіп жатқан жоқ.

*Ізгіл халқы* [1]. Ізгіл бұдұн/Ізгіл халқы этнонимі – түркі тілдес тайпаның аты [7, 216 б.]. Көне түркі. із «із» + гіл (сын есім жұрнағы: үш+кіл, төрт+кіл) тұлғаларынан жасалып, ізгіл «ізінен (артынан) еруші» деген мағына береді. Біздің ойымызша, Ізгіл нақты бір рудың аты емес, Қапаған қағанды қолдап, артынан еруші елдің жалпы, уақытша атауы сияқты. Олай деуге «Күлтегін» ескерткішіндегі мына оқиға итермелейді: «...Ағам қағанның елі бүлікшіл болғанда, халқы күншіл, кекшіл болғанда, Ізгіл халқымен соғыстық... Ізгіл халқы қырылды». Ізгіл этнонимі бұдан басқа жерде жиі кездеспейді. Бұл Күлтегіннің әскери төңкеріс жасап, Қапаған қағанды қолдаушыларды қырғынға ұшыратқан тұсы.

*Едіздер* [1]. Едіз этнонимі қытай. аде, седе, хеде түрінде хатқа түсіп, 15 рулы Теле одағының бірі ретінде көрсетілген [9, 83- 84 бб.]. Кейін Ұйғыр қағанатының құрамына еніп, басшы тайпалардың біріне айналған.

Едіз этнонимінің мағынасы туралы зерттеулер кездеспейді, алайда көне түркі. едіз «биік, жоғары, көтеріңкі» [7, 162 б.] сөзінен шығуы әбден мүмкін деп ойлаймыз, өйткені едіздердің атамекені Алашан таулары болған [5, 262 б.]. Сонда едіз/едіздер «биіктегі, таудағы (ел), «таулықтар» мағынасын береді.

*Берчекер* [1]. «Көне түркі сөздігінде» согд берчекер (берчелер-?) «отарымыздағы (бағынышты) соғдылар» деген анықтама берілген [7, 507 б.]. Ал Л.Н.Гумилев «шүбә туғызатын берчекерлер» деп олардың жеке ел екеніне күдіктенеді [5, 344 б.]. Біздің ойымызша, берчекер сөзі соғды этнонимімен тіркесіп келіп, көне түркі. беріш «алыс-беріс» [7, 96 б.] + кер (парсы. кәсіпті білдіретін жұрнақ) тұлғаларынан жасалып, берішкер/бершекер «алыс-беріс жасаушы (соғдылар)» деген мағынада қолданылған сияқты. Сонда, Күлтегіннің жерлеуіне қатысқан Соғды берчекер «алыс-беріс жасаушы, іргедегі соғдылардан» және Бұқара ұлысынан Нең Сенүн Тархан келген болады (Кт(б) 52-жол).

*Бұқарақ улус* [1]. Бұқарақ ұлыс «Бұқар қаласының маңындағы ел-жұрт» дегенді білдіреді. Бұл нақты бір елдің аты емес, Бұқар ойконимі



арқылы жасалған жалпылама этноним және бұл жерде де соғдыларды айтып отыр.

### **Қорытынды**

Қорыта келгенде, ономаст-ғалым ретінде Күлтегін ескерткішінде кездесетін кейбір этнонимдерге этимологиялық шолу жасалды. Зерттеу барысында этнонимнің мағынасы туралы бұрын-соңды айтылып келген болжам, тұжырымдарға сүйене отырып, өз көзқарасымызды ұсынуға тырыстық. Ғылыми болжам көп болған сайын, шындыққа біртабан жақындай түсетініміз анық. Оның үстіне, көне түркі ескерткішінің ономастикалық кеңістігін қалыптастыру үшін де мұндай зерттеулердің мол болғаны жақсы.

**Қаржыландыру туралы ақпарат.** Мақала 2021-2023 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыру аясында жазылды. Зерттеуді Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырды (AP09260070 гранты).

### **ӘДЕБИЕТ**

[1] Сартқожаұлы Қ. Орхон мұралары. 1-кітап. Тарихи-танымдық этнографиялық әдебиет / Сартқожаұлы Қ. – Астана: Күлтегін, 2003. – 392 б.

[2] Қайдар Ә. Түркітануға кіріспе / Ә. Қайдар. – Алматы: Арыс, 2004. – 358 б.

[3] Махпиров В.У. Имена далеких предков (источники формирования и особенности функционирования древнетюркской ономастики) / В.У. Махпиров. – Алматы: Институт востоковедения МН-АН РК, 1997. – 302 с.

[4] Қайыркен Т.З. Көне түркі ескерткіштеріндегі қытай жазбалары (VII – XIV ғғ) / Т.З. Қайыркен. – Өскемен: Рекламный Дайджест, 2008. – 336 б.

[5] Гумилев Л.Н. Көне түріктер: көпшілік оқырман қауымға арналған / Л.Н. Гумилев. – Алматы: Білім, 1994 – 480 б.

[6] Бартольд В.В. Тюрки: Двенадцать лекций по истории турецких народов Средней Азии / В.В. Бартольд. – Алматы: Жалын, 1993. – 192 с.

[7] Древнетюркский словарь. – Ленинград: Наука, 1969. – 715 с.

[8] Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі (Диуани лұғат-ит-түрк): 3 томдық шығармалар жинағы (ауд. А.Егеубай) / М. Қашқари. – Алматы: ХАНТ, 1997. – 1353 б.

[9] Малявкин А.Г. Историческая география Центральной Азии (материалы и исследования) / А.Г. Малявкин. – Новосибирск: Наука, 1981. – 337 с.

[10] Жеменей И. Қазақша-парсыша және парсыша-қазақша сөздік / И. Жеменей. – Алматы: Санат, 1994. – 368 б.

[11] Кайдар А.Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке / А.Т. Кайдар. – Алматы: Арыс, 2005. – 304 стр.

[12] Поспелов Е.М. Иллюстрированный атлас мира. География мира: новейший топонимический словарь: ок. 8000 единиц / Е.М. Поспелов. – Москва: Русские словари, 2007. – 683 с.

[13] Базылхан Б. Монгол-казах толь. Моңғолша-қазақша сөздік / Б. Базылхан. – Улаанбаатар-Өлгий, 1984. – 885 б.

[14] Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков. (Общетюркские и межтюркские основы на гласные) / Э.В. Севортян. – Москва: Наука, 1974. – 767 с.

[15] Мульдияров П.Я. О терминах сколот и паралат [Электрон. ресурс] – 2015. – URL: <https://7universum.com/ru/social/archive/item/2098> (Дата обращения 14.02.2022).

### **REFERENCES**

- [1] Sartqozhauly K. Orhon mūralary. 1-kitap. Tarihi-tanymdyq etnografialyq ādebiat (Orkhon heritage. Book 1. Historical and educational ethnographic literature), Astana, Kūltegin, 2003. 392 P. [In Kaz.]
- [2] Qaidar Ā. Türkitanuğa kırıspe (Introduction to Turkology). Almaty, Arys. 2004. 358 p. [In Kaz.]
- [3] Makhpirov V.U. Imena dalekikh predkov (istochniki formirovaniya i osobennosti funktsirovaniya drevnetyurkskoi onomastiki) (Names of distant ancestors (sources of formation and features of functioning of ancient Turkic onomastics)). Almaty, 1997. 302 p. [In Rus.]
- [4] Qaiyrken T.Z. Köne türkı eskertkişterindegi qytai jazbalary (VII – HIVğğ) (Chinese inscriptions on ancient Turkic monuments (XII - XIV centuries)). Öskemen, 2008. 336 p. [In Kaz.]
- [5] Gumilev L.N. Köne türkter: köpşılık oqyrman qauymğa arnalğan (Ancient Turks: for a wide range of readers). Almaty, Bılım, 1994. 480 p. [In Kaz.]
- [6] Bartol'd V.V. Tyurki: Dvenadtsat lektzii po istorii turetskikh narodov Srednei Azii (Turks: Twelve lectures on the history of the Turkish peoples of Central Asia). Almaty, Zhalyñ, 1993. 192 p. [In Rus.]
- [7] Drevnetyurkskii slovar' (Ancient Turkic dictionary). Leningrad, Nauka, 1969. 715 p. [In Rus.]
- [8] Qaşqari M. Türk tılıñ sözdıgi (Diواني lūğat-it-türk): 3 tomdyq şyğarmalar jinağy (aud. A.Egeubai) (Turkish Dictionary (Divani lugat-it-Turk): collected works in 3 volumes). Almaty, HANT, 1997. 1353 p. [In Kaz.]
- [9] Malyavkin A.G. Istoricheskie geografiya Tsentral'noi Azii (materialy i issledovaniya) (Historical geography of Central Asia (materials and research)). Novosibirsk, Nauka, 1981. 337 p. [In Rus.]
- [10] Jemenei İ. Qazaqşa-parsyşa jäne parsyşa-qazaqşa sözdik (Kazakh-Persian and Persian-Kazakh dictionary). Almaty, Sanat, 1994. 368 p. [In Kaz.]
- [11] Kaidar A.T. Struktura odnoslozhnykh kornei i osnov v kazakhskom yazыke (The structure of monosyllabic roots and bases in the Kazakh language). Almaty, Arys, 2005. 304 p. [In Rus.]
- [12] Pospelov E.M. Ilyustrirovannyi atlas mira. Geografiya mira: noveishii toponimicheskii slovar': ok. 8000 edinit (Illustrated atlas of the world. Geography of the world: the latest toponymic dictionary: approx. 8000 units), Russian dictionaries. Moskva, 2007. 683 p. [In Rus.]
- [13] Bazyłhan B. Mongol-kazah töl. Moñğolşa-qazaqşa sözdik (Mongolian-Kazakh dictionary). Ulaanbaatar-Ulgii, 1984. 885 p. [In Kaz.]
- [14] Sevortyan E.V. Etimologicheskii slovar' tyurkskikh yazыkov. (Obshchetyurkskie i mezhtyurkskie osnovy na glasnye) (Etymological dictionary of Turkic languages. (Common Turkic and inter-Turkic bases on vowels)). Moskva, Nauka, 1974. 767 p. [In Rus.]
- [15] Mul'diyarov P.Ya. O terminakh skolot i paralat (About the terms skolot and paralat), 2015. Available at: <https://7universum.com/ru/social/archive/item/2098> (Accessed: 14.02.2022). [In Rus.]

## ОБ ЭТИМОЛОГИИ НЕКОТОРЫХ ЭТНОНИМОВ В ПАМЯТНИКЕ КУЛЬТЕГИН

\*Бияров Б.Н.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>к.ф.н., ассоциированный профессор, ВКУ им. С. Аманжолова,  
Усть-Каменогорск, Казахстан,

\*<sup>1</sup> e-mail: [berdibek\\_biyar@mail.ru](mailto:berdibek_biyar@mail.ru)

**Аннотация.** Древнетюркские памятники изучаются и изучаются в языкознании, текстоведении, литературно-жанровом, историческом аспектах. Один из недостатков заключается в рассмотрении ономастики древних реликвий. По ряду причин определение буквального числа имен в древнетюркских памятниках вызывает некоторые трудности.

В статье проведен этимологический анализ некоторых из 23 этнонимов, встречающихся в памятнике Культегин, этнонимов, значение которых не рассматривается или является спорным. В целом ономастическое пространство древнетюркских памятников до конца не изучено. Особенно этнонимы остаются незамеченными. Цель статьи состоит в том, чтобы раскрыть семантику этнонимов, встречающихся в памятнике Культегин, и дать определение с лингво-исторической точки зрения. Согласно принципу, что любой этимологический анализ состоит из предположения, предложенные автором выводы также не могут быть восприняты как стопроцентно верные, однако в одном из предложенных предположений может содержаться истинное значение этнонима.

При проведении исследования использовались сравнительно-исторические, ретроспективные, ареальные, статические, этиологические методы исследования. Автор приводит и сравнивает ранее высказанные мнения об этимологии одного этнонима и только после этого выдвигает свою гипотезу. Высказывание новой точки зрения или признание и поддержка одного из этих высказанных утверждений без опровержения уже написанных до него выводов – это соблюдение научной этики. При определении значения этнонима автор рассматривает исторические, географические условия, соотнося с ними причины происхождения (этиологию) имени. Можно заметить, что требование о том, что родовые имена, в том числе топоним и этноним, должны рассматриваться в языковом, историческом и географическом аспектах, соблюдается в данной статье.

Новизна статьи заключается в наличии новых формулировок, ранее не упоминавшихся о значении анализируемых этнонимов. Более того, систематическая неисследованность ономастического пространства в древнетюркских памятниках и малочисленность ономастических ученых среди предыдущих исследователей обуславливают актуальность данного исследования.

**Ключевые слова:** этноним, этнос, этимология, этиология, сема, прогноз, вывод, мнение, мотивация.

## **ABOUT THE ETYMOLOGY OF SOME ETHNONYMS IN THE MONUMENT KULTEGIN**

\*Biyarov B.N.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>cand. of Philol. Sc., associate professor, S. Amanzholov EKSU, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan,

\*<sup>1</sup> e-mail: [berdibek\\_biyar@mail.ru](mailto:berdibek_biyar@mail.ru)

**Abstract.** Ancient Turkic monuments are studied and studied in linguistics, textual studies, literary-genre, historical aspects. One of the disadvantages is to consider the onomastics of ancient relics. For a number of reasons, determining the literal number of names in ancient Turkic monuments causes some difficulties.

The article presents an etymological analysis of some of the 23 ethnonyms found in the Kultegin monument, ethnonyms whose meaning is not considered or is controversial. In general, the onomastic space of ancient Turkic monuments has not been fully studied. Especially ethnonyms go unnoticed. The purpose of the article is to reveal the semantics of the ethnonyms found in the Kultegin monument and to give a definition from a linguo-

historical point of view. According to the principle that any etymological analysis consists of an assumption, the conclusions proposed by the author also cannot be perceived as absolutely correct, however, one of the proposed assumptions may contain the true meaning of the ethnonym.

Comparative historical, retrospective, real, static, and etiological research methods were used in the study. The author cites and compares previously expressed opinions about the etymology of one ethnonym and only after that puts forward his hypothesis. Expressing a new point of view or recognizing and supporting one of these statements without refuting conclusions already written before it is compliance with scientific ethics. When determining the meaning of an ethnonym, the author considers historical, geographical conditions, correlating with them the reasons for the origin (etiology) of the name. It can be noted that the requirement that generic names, including toponyms and ethnonyms, should be considered in linguistic, historical and geographical aspects is observed in this article.

The novelty of the article lies in the presence of new formulations that were not previously mentioned about the meaning of the analyzed ethnonyms. Moreover, the systematic unexplored onomastic space in ancient Turkic monuments and the small number of onomastic scientists among previous researchers determine the relevance of this study.

**Keywords:** ethnonym, ethnos, etymology, etiology, sema, forecast, conclusion, opinion, motivation.

*Статья поступила 21.06.2022*